

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

02.09.2025ж

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының жұмыс барысы».

Күн тәртібі

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау
2. 2025-2026 оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту
3. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау, бекіту
4. Тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап, тәлімгерлерді бекіту

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова 2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңес төрайымы болып балабақша директоры М.Овезованы, педагогикалық кеңес құрамына балабақша педагогтарын және хатшысы болып М.А.Асанованы ұсынды.

2. Балабақша директоры М.Овезова балалардың жас кезеңдеріне тоқталып жеке – жеке айтып өтті. Жас кезеңдері мынадай:

Ортаңғы топ - 3 жастағы балалар

Ересек топ - 4 жастағы балалар

Мектепалды топ - 5 жастағы балалар.

Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекітуге ұсынды:

1) Ортаңғы топ: «Бәйшешек» - Джумабаева Г., Беркимбаева С.

«Түймедақ» - Саулебаева Г., Жаркова Ж.

2) Ересек топ: «Құлпынай» - Касанова М., Бакберген С.

«Ақбидай» - Ержанова Н., Қайыр Ж.

«Лалагүл» - Чалмахсимова А., Изтурганова Р.

3) Мектепалды топ: «Раушан» - Мұсаханова А., Коджикова А.

«Жауқазын» - Жайлы Г., Сапарова Г.

«Қызғалдақ» - Асанова М., Чоканова А.

3. Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша Овезова М. балабақша педагогикалық ұжымын 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары, үлгілік оқу жоспарымен, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстырды. 2025-2026 оқу жылына балабақша алдына мақсат, міндет алды. Алынған мақсат, міндетке сүйене отырып оқу-тәрбие үдерісін жоспарланғанын айтты. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктерімен дағдыларын қалыптастыру

4. Балабақша әдіскері тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар туралы, көмекті қажет ететін жас мамандарға тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Жас педагог тәрбиешілердің жұмысқа кіру кезеңінде оның кәсіби дамуына байланысты қобалжушылық пен маңыздылық ерекшеленеді. Жас мамандарымыздың баламен жұмыс жасау барысында кездесіп жататын қиыншылықтары ата-анамен сауатты байланыс жасауы, баланың жеке-жеке қабілеттеріне мән беру. Өзінің жақсы қырынан көрсету, педагогтың этикетін ұстау, оқу қызметтеріне жаңаша көзқараспен, әдістер ендіру тәрбиешінің келешекте жоғары жетістіктерге жетуінің кепілі. Ал біз балабақшаға келген жас мамандарға кәсіби тұрғыдан қолдау көрсетіп, оң бағыт беруіміз керек. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітуді ұсынды.

1. 2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңес төрайымы болып балабақша директоры М.Овезова, педагогикалық кеңес құрамына балабақша педагогтары және хатшысы болып М.А.Асанова бекітілсін.

Ортаңғы топ: «Бәйшешек» - Джумабаева Г., Беркимбаева С.; «Түймедак» - Саулебаева Г., Жаркова Ж.

Ересек топ: «Құлпынай» - Касанова М., Бақберген С.; «Ақбидай» - Ержанова Н., Қайыр Ж.; «Лалагүл» - Чалмахсимова А., Изтурганова Р.

Мектепалды топ: «Раушан» - Мұсаханова А., Коджикова А.; «Жауқазын» - Жайлы Г., Сапарова Г.; «Қызғалдақ» - Асанова М., Чоканова А.

3. 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін. Балабақшаның жаңа оқу жылына алынған мақсат-міндеттерге сай оқу процесі жоспарланып, жүргізілсін. Жауапты әдіскер Б.Джуматова. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

4. Жас мамандар тізімі жасақталып, тәлімгерлер бекітілсін.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№2 ХАТТАМАСЫ

29.12.2025ж

Ақтау қаласы

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: «Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру»

Күн тәртібі

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылының жартыжылдық қорытындысы
3. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» тәжірибе алмасу
4. Тренинг «Логикалық ойындар»
5. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдау және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы бойынша М.Овезова сөз сөйледі.

Баяндамада оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері, балалардың денсаулық көрсеткіштері, дене шынықтыру-сауықтыру шараларының жүргізілуі, жетістіктер мен өзекті мәселелер атап өтілді.

3. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу» тақырыбында педагогтардың тәжірибе алмасуы өтті. Педагогтар дене шынықтыру, қимылды ойындар, сергіту сәттері және таза ауадағы іс-әрекеттер бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті.

4. Педагогтармен «Логикалық ойындар» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында логикалық ойлауды, зейінді және танымдық қабілеттерді дамытуға арналған ойын түрлері көрсетілді, педагогтар логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды дамытуға арналған ойын түрлерін тәжірибе жүзінде орындады.

5. Баяндамашы Касанова М., «Құлпынай» тобының тәрбиешісі, мектепке дейінгі ұйым жағдайында денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолданудың маңыздылығын атап өтті. Баяндамада балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған инновациялық әдістер, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, қимылды ойындар, дене шынықтыру шаралары, дұрыс тамақтану мен гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жолдары жан-жақты қарастырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жартыжылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Үздік тәжірибелерді күнделікті оқу-тәрбие процесіне енгізілсін. Балалардың физикалық дамуын арттыруға бағытталған іс-шаралар көбейтілсін.
4. Педагогтарға логикалық ойындарды күнделікті оқу-тәрбие қызметінде қолдану ұсынылсын. Балалардың логикалық ойлауын, зейінін және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдану жалғастырылсын. Тәрбиешілерге балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды күшейту тапсырылсын. Ата-аналармен бірлескен денсаулықты нығайту шаралары ұйымдастырылсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

18.02.2026ж

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: «Ұлттық мәдениет пен дәстүр»

Күн тәртібі

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ашық оқу-қызметтеріне талдау жасау, қорытындылау
3. Дөңгелек үстел «Отбасы, бала, балабақша»
4. Психологиялық тренинг
5. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторингтің қорытындысы

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Әдіскер Б.Джуматова ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің өткізілгенін хабарлады. Сабақтарда педагогтердің кәсіби шеберлігі, балалармен жұмыс жүргізудегі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануы, заманауи технологияларды пайдалану деңгейі талданды.
Талдау барысында:
Сабақ құрылымы талапқа сай ұйымдастырылған;
Ойын технологиялары тиімді қолданылған;
Балалардың белсенділігі жақсы деңгейде;
Кейбір педагогтерге уақытты тиімді жоспарлау бойынша ұсыныстар берілді.
3. Балабақша тәрбиешісі Г.Жайлы тәрбиешілермен «Отбасы, бала, балабақша» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізді.
Дөңгелек үстелдің мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиешілердің ата-анамен жұмыс жүргізу тәжірибесін жетілдіру.
Іс-шара барысында:
Отбасы тәрбиесінің бала дамуына әсері талқыланды;
Ата-анамен тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдары қарастырылды;
Педагогикалық жағдаяттар ұсынылып, тәжірибе алмасу жүргізілді;
Қиын ата-аналармен жұмыс жүргізу әдістері бойынша пікір алмасу болды;
Кері байланыс ұйымдастырылып, ұсыныстар айтылды.
Тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісіп, ата-анамен серіктестік орнатуда ашықтық, сенімділік және жүйелілік маңызды екендігін атап өтті.
4. Педагог-психолог Калжанова А. педагогтармен психологиялық тренинг өткізді.
Тренинг барысында:
Командалық жаттығулар;
Кері байланыс;

Педагогтер тренингтің пайдалы әрі мазмұнды өткенін атап өтті.

Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейі жақсы екендігі анықталды. Кейбір білім салалары бойынша жеке түзету жұмыстары қажет.

3

1. №2 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Ашық оқу қызметтерінің нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын. Ұсыныстар бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Озық тәжірибе әдістемелік қоржынға енгізілсін.
3. Ата-аналармен жұмыстың тиімді формалары жүйелендірілсін. Әр топта ата-анамен жұмыс жоспары жаңартылсын. Тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік отырыс ұйымдастырылсын. Педагогтердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
4. Психологиялық қолдау жұмыстары жалғастырылсын. Айына кемінде 1 рет тренинг ұйымдастырылсын.
5. Төмен көрсеткіш көрсеткен бағыттар бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Жеке даму карталары толықтырылсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы педагогикалық кеңестің
№4 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

28.05.2026ж

Қатысқаны: 22

Тақырыбы: «2025-2026 жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау»

Күн тәртібі

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылының қорытындысы
3. Педагогтарының жұмысының есебі
4. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Джуматова Б. балабақшаның 2025-2026 оқу жылының қорытындысымен таныстырды. 2025-2026 оқу жылында жұмыс жоспарына сәйкес жасалған жұмыстарына тоқталып, педагогтардың және балалардың жеткен жетістіктерін айтып шықты.
3. Педагогтар өз жұмыстарын қорытындылап, есебін берді.
4. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары жасақталып, талқылап қаралды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылының жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын
3. Педагогтарының жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын
4. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспары бекітіліп, орындалсын.



Жиналыс төрайымы: М.Овезова
Хатшы: М.А.Асанова